

**"Қауымдық сервитутты белгілеу туралы" Кентау қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 11 желтоқсандағы № 363 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

***Күшін жойған***

Түркістан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 3 қаңтардағы № 3 қаулысы. Күші жойылды - Түркістан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 18 қыркүйектегі № 443 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 18.09.2024 № 443 қаулысымен.**

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабына сәйкес Кентау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қауымдық сервитутты белгілеу туралы" Кентау қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 11 желтоқсандағы № 363 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Кентау қаласы әкімдігінің "Кентау қалалық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес жұмыс күн ішінде оның орыс және қазақ тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикалық нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның Кентау қаласы әкімдігі интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Кентау қаласының әкімі **Ғ.Төлеповке** жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*Ж.Тасов*